

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 11 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қарашада № 8106 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 28.06.2019 № 20 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 479 ұсынысы негізінде, Костряков ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы, Федоров ауданы, Костряков ауылдық округі, Курское ауылында орналасқан Шнурко Александр Анатольевичтің шаруа қожалығы аумағындағы ірі қара мал құтыруының эпизоотиялық ошағына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Федоров аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Федоров ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық есендікке қол жеткізу үшін қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды өткізу ұсынылсын.

3. "Федоров ауданы Федоров округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Федоров ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Костряков
ауылдық округінің әкімі

С. Андренко

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Федоров
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ М.Б. Нуркин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау
комитетінің Қостанай облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Федоров аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Е.К. Джагалтаев

КЕЛІСІЛДІ

"Федоров ауданы әкімдігінің
ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ У.А. Успанов

